



Сыр бойы

№21 (21096)

10 ақпан, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

БАНК ПРЕЗИДЕНТІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті Цзоу Цзяиді қабылдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі еліміздің маңызды стратегиялық серіктесі саналатынын атап өтті. Қаржы институты Қазақстанда басымдыққа ие инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысады.

Президент бүгін қол қойылған Серіктестік туралы негіздемелік келісімді құптады. Аталған құжаттың орнықты экономикалық дамуды ілгерілету мен өңірлік ынтымақтастықты нығайтуда мәні зор. Қасым-Жомарт Тоқаев Цзоу Цзяиді жуырда Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті болып тағайындалуымен құттықтады.

— Сіздің осы лауазымдағы сапарыңызды Қазақстаннан бастағаныңызды жоғары бағалаймыз. Бұл екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретін жақсы нышан деп санаймыз. Банкпен бірге жалпы сомасы 2,6 миллиард доллардан асатын 9 жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Мұның бәрі өзара ықпалдастығымыз бен байланысымызды жандандыра түсетініне сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Цзоу Цзяи Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі Қазақстанның энергетика, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым секторларындағы бірқатар ірі жобаға қолдау көрсеткенін жеткізді.

— Ыстық ықыласыңыз бен ұзақ жылдар бойы Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкіне көрсеткен қолдауыңыз үшін алғыс айтамын. Қазақстан мен басқа да акционерлердің маған артқан сеніміне дән ризамын. Банк қызметінде алғашқы онжылдықтағы жетістіктерге негізделген сабақтастықты сақтаймын. Сондай-ақ тұтынушылардың өзгеріп жатқан сұраныстарына жедел



жауап беру үшін қаржы институтын одан әрі өркендетуге тырысамын, — деді банк жетекшісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Цзоу Цзяи бірлескен қызмет аясын тереңдетуге айтарлықтай мүмкіндік бар екеніне тоқталды. Таяу жылдары Қазақстан инфрақұрылым секторын жаңғырту бойынша ауқымды жоспарды жүзеге асыруға ниетті. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі осы стратегиялық бастамаларға белсене атсалысуға дайын.

Қазіргі уақытта банк Көкшетау қаласындағы көпбейінді аурухана құрылысы, қуаты 220 МВт болатын жел электр стансасы, Жезқазған – Қарағанды, Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын автокөлік жолдарының учаскелері және Алматы қаласын айналып өтетін теміржол салу жобаларына қаржы бөледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ Sunwah Group корпорациясының төрағасы, Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Тұрақты комитет мүшесі, Гонконгтағы Қытай бас сауда палатасының төрағасы Цай Гуаньшэньмен кездесті.

Президент Қазақстан Қытай Халық Республикасымен арадағы мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті белсенді түрде дамытуға айрықша маңыз артатынын атап өтті. Осы орайда Президент 2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин алғаш рет Астанада ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы табысты іске асырылып жатқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевты қабылдады.

Президентке ведомство қызметінің биылғы басым бағыттары жөнінде баяндалды.

/// КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

БОЛАШАҚ ҮШІН АЙРЫҚША МІНДЕТ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ІХ ОТЫРЫСЫНДА
НҰРЛЫБЕК МАШБЕКҰЛЫ НӘЛІБАЕВТЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістің, түбегейлі бетбұрыстың алдында тұр. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жана кезенге қадам басуда.

Президентіміздің қатысуымен Сыр бойында өңірімізде өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысы тарихи миссиясы айрықша мазмұнға ие алқалы жиын болды. Құрылтайда еліміздің келешек бағдары айқындалып, қоғамдағы ең өзекті мәселелер ашық талқыланды. Президентіміз бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық реформаға қатысты өз ұстанымдарын жеткізді. Ел тарихындағы маңызды шешімдерді ұсынды.

Конституциялық реформа – еліміздің саяси жаңғыруына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейтуге, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған.

Мемлекеттілігіміздің басты нышаны болып табылатын Конституцияның жана жобасын қарау барысында түскен ұсыныстарды, сараптамалық қорытындылар мен мазмұнды бағытталған тың тұстарын ерекше атап өту қажет.

Біз Конституцияның негізгі қағидаларын сақтай отырып, оның өзгеріп жатқан жағдайларға бейім-

делу қажеттілігін ескердік. Құқықтық мемлекет, адам құқықтары мен Қазақстанның ұзақ мерзімді мүдделерін қорғау принциптеріне сүйендік.

Ұсынылып отырған тәсілдер мен шешімдер жүйелі жұмыстың нәтижесі. Қазіргі заманға сай азаматтарға бағытталған Конституция қалыптастыруға деген ұмтылысты білдіреді.

Өңірлер үшін жана Конституция жобасының практикалық маңызы зор. Құжатта әкімдіктер күнделікті жұмыс барысында бетпе-бет келетін мәселелер қамтылған. Бұл – су мен жер ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық жағдай, әлеуметтік қорғау, білім беру, аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Конституция жобасы біз үшін, ең алдымен, шешімдер қалай қабылданатыны, оның жүзеге асырылуына мемлекет қандай жауапкершілік алатынын айқындайды.

Сонымен қатар, мемлекеттің егемендігін нығайтуға, азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған тың тұстарын ерекше атап өту қажет.

Маңызды құжатта әсіресе экологиялық қауіпсіздік мәселесіне айрықша мән берілген. Қызылорда облысы

үшін бұл нормалардың маңызы өте зор.

Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Арал теңізінің тағдыры – ауыр сабақ. Оның салдарын бүгінгі күнге дейін сезініп келеміз.

Мемлекеттің қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету міндетін, азаматтардың экологиялық қауіпсіздікке қатысты құқығын, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпарат үшін артылатын жауапкершілік туралы нормаларды біз толық әрі саналы түрде қолдаймыз. Бұл біздің өңір үшін тек жалпылама айтылған ұранды сөз емес, болашақ үшін маңызы айрықша құқықтық кепіл болып табылады. Аймағымыздың табиғатын сақтауға, экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған көптеген ауқымды жобаларды жүзеге асырдық. Алдымызда әлі де атқарылуы тиіс жұмыстар аз емес.

Жана Конституция жобасының маңызды бағыттарының бірі – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту.

Бұл құжат адамның құқықтарын қорғауға, өңірлерді қолдауға, әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге бағытталған.

Атап айтқанда, ауылдық аумақтардың дамуына, жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қолжетімді әлеуметтік қызметтерді жүйелі түрде іске асыруға, халық алдындағы міндеттемелерді толық орындауға мүмкіндік береді. Елімізде адами капиталды дамыту үшін білім беруді стратегиялық басымдық ретінде бекітеді.

Біз жастардың болашағына инвестиция салуды, сұранысқа ие мамандарды даярлауды, жас азаматтардың өз әлеуетін туған жерінде іске асырып, болашағын туған елмен байланыстыруына жағдай жасауды толық қолдаймыз.

Ата Заңымыздың жана жобасы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, жауапкершілікті айқын әрі анық бөлуге бағытталған. Бұл аймақтар үшін нақты даму бағдарын айқындауға, инфрақұрылымдық, әлеуметтік жобаларды жүйелі түрде іске асыруға, халық алдындағы міндеттемелерді сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Жана Конституция жобасын қолдаймыз. Себебі, бұл құжат өңірлерді дамытудың шынайы қажеттіліктерін, аймағымыздың экологиялық жағдайы мен тұрақты даму мәселелерін толық қамтиды.

Ең негізгісі, адам мен табиғат және мемлекет мүдделері біртұтас жүйе ретінде қарастырылуында.

Бұл – жауапкершілік, тұрақтылық және жарқын болашаққа бағытталған таңдау!

Валюта бағамы:

\$ 494,63 kzt

€ 586,16 kzt

₸ 6,42 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі ☀️ +4°

☾ 0°

Сәрсенбі ☀️ -1°

☾ -7°

2 ДИДАР ЕРЕН ЕҢБЕК, Сыр бойы

№21 (21096) 10 ақпан, сейсенбі 2026 жыл

Қазақтың тәуелсіздік тарихында өлшеулі ғұмырын өлшемсіз өнегеге ұластырған, мың санаттағылардан емес, шын саңлақтардан шыққан, халық жүрегінде сақталған тарихи тұлғалар аз емес.

Қасқа жолға салған Қасым ханның, ескі жолды екішеген Есім ханның, тура жолды таңдаған Тәукенің қасиетіне бітім-болмысы тартып, елі үшін туған ер-азаматтар ортамыздан ойып орын алып, есімдері жұртының жүрегінде жатталғаны және шындық. Солардың бірегейі – Бердібек Машбекұлы Сапарбаев.

Рас, ағамыз арамыздан ерте кетсе де, оның өмір жолы жылдардың ығына жығылып қалған жоқ, ерте тән еңбегі, ерлігі, ерекшелігі онан сайын асқақтап, парасатты жолын пейіл көгінде пайымдай бастадық. Иmanın иланған мұсылманның мәңгілік

елге қызмет ету екі есе ауыр. Сондықтан күні-түні тыным таппай, кабинетте отыруды білмей, халықтың ортасында жүрді. Апта құрғатпай аудандарды, ауылдарды аралады. Халықтың мұң-мұқтажын біліп, ауруды асындырмай аяқ астында шешуге тырысты, ал маңызды мәселелерді кезең-кезеңімен іске асырудың қамына кірісті. Уақытпен санаспай атқарылған еңбек те өз нәтижесін бере бастады. Көп ұзамай жағдай өзгеріп, Қызылорданың шырайы кіріп, тынысы кеңейе түсті.

Кезінде Торғай, Семей, Талдықорған, Жезқазған облыстары таратылып, өзге өңірлерге қосылған кезеңде Қызылорданың да дербес облыс ретіндегі болашағына күдікпен қараған шақ болды. Осындай алмағайып уақытта Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың көрген саяси ұстанымының арқасында



ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАЙРАТКЕР

мекеніне аттанғанына үш жылға жуықтаса да ардақты ағамыздың рухы жердің асты мен үстін жалғап жатқандай жаныңды жылымық жылытады. Кенсайдың кен аспанынан адалдық пен тазалықтың, кісілік пен кішіпейілдіктің кейпі елестейді.

Ерен де берен Бердібек аға өзекті өңірдің оты өршіген, тіршілігі тоқыраған, қалыптасқан қоғамдық мәселелері қордаланған аймақтарға барып, елмен етене қызмет атқарды. Күр бармай, құтын кіргізіп, тірлігін түзеіп, дамуын даңғыл жолға салып, аймақтағы іс жүйесін бір ізге салып берді. Мұны мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммедше айтсақ, жеті аймақтың жүгін мойымай көтеріп, күнін күнгейге бұрып, тінін түлеген тіршілікке танып, түтінін түзу шығарды, бүтінін бүлдірмей, барды бағалады, жоқты түгендеді.

Қашан да қазақ халқы ел басқарған қайраткердің бойындағы іскерлігімен бірге мінезі, білім-білігі, ақыл-парасаты, тауқыметке қарсы тұрар тәзімділігі сынды қасиеттеріне айрықша мән бергені белгілі ғой. Біз танып, білген Бердібек Машбекұлы обал мен сауаптың парқын ажырататын терең парасаттың иесі еді. Үлкенмен де, кішімен де тонның ішкі бауындай болып, ортақ пікір, орайлы өңіме тауып, әлеуметтік топтың өз тілінде сөйлесе алатын. Оған онтүстік те бір, шығыс та бір, батыс та бір, ел мен елдің айырмасы жоқ, бір – Отан. Сондықтан шығар, ел сүйді, сүйкімді басшы болып, әр өңірдегі қызметінен ауысқанда көптің көңілін кірбің басып, көздерінен еріксіз қимастықтың жасы шықты.

Өрине, әркімнің өсіп-өнген жері – Мысыр шаһары. Сол себепті әрбір перзент туған жерін қастерлеп қана қоймай, оның қадіріне де жетуі қажет. «Туған елінің қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді», – дейтін халық даналығының мәнісі тереңде. Бердібек ағаның да ата-бабасының қасиеті сінген құрметті төрі – туған жерге деген ықылас-ынтыс тым бөлек еді. Ауылдағы ағайынның хал-жағдайын назардан түсірмей, ақсақалдарға сәлем-құрметі ерекше болатын. Ағамыздың осындай ерекше қасиетін Жанақорған ауданында әкім болған жылдары бұрынғыдан да жақын бол түстім, бірнеше рет кездесіп, ақыл-кеңесін тыңдадым.

Жанақорған ауданының тарихы бай. Оның маңайында ортағасырлық шаһарлар – Сығанақ, Сауран, Әзгент, Аққорған сынды орталықтар мен асыл дініміздің бастауында тұрған тұлғалар мәңгілік тыныштық тапқан киелі жер көп. Осы жәннаттай жердің қасиетін таспалауды ойлап, белгілі документалист режиссер Қалила Омаров ағамызды елге шақырып, «Туған жерге тағзым» жобасын қолға алдық. Сөйтіп, жергілікті жердің кереметтерін түсірілім алаңына айналдырдық. Ұлы Жібек жолы бойындағы бір ұыс құмның құдіретін, әрбір төбенің мән-маңызын ашып, мағынасын түсіндіруге тырыстық. Осы тұста, туған жеріне перзенттік сағынышпен асыға жеткен Бердібек ағамызды да кинотүсірілімге қамтып үлгердік. Бұл бастаманың байыбына барсақ, оны бізге берген уақыттың ерекше сыйы деп түсінеміз.

Бердібек Машбекұлының мемлекеттік қызмет саласындағы өмір мектебін саралайтын болсақ, ол нанғысыз іс-әрекеттің нағыз менеджері, дұрысы, «кризис-менеджер» болғанын бағамдауға болады. Тіпті жоқтан бар жасайтын, шытырман шиеленісті шеше білетін шебердің өзі еді.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарындағы Қызылорда облысының жағдайын еске алсақ, Кеңестік жүйенің әбден күйреген кезеңін көз алдымызға келтіреді. Бұл кезде біз жас болсақ та, Қызылорда қаласының аяншытты жай-күйін көзбен көрдік. Далаға шықсаңыз, маса талайтын, үйге кірсеңіз, ыстық қапырықтан тұншығатын кез. Көшелері ойып-шұңқыр, үйлері әбден тозған. Бірде су тоқтайды, бірде жапп етіп жарық өшеді. Осы тұста, бір облыстың тағдыры Бердібек Машбекұлының мойнына түсті. Сүрінсе, сыбауға дайын, киналас, тасадан тас лақтыруға құмар кісілер де кездесті. Ондайға оңай шағылатын осылың Бердібек аға емес, ол жауапкершілік жүгін одан сайын еселей берді. Бердібек Машбекұлы, біріншіден, өзін іскер, халықшыл азамат ретінде танытса, екіншіден, елдің енесіні тіктеуге тірек болуы тиісті еді. Өйткені туған

өңірдің тарихи маңызы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуеті зор екені нақты дәлелдермен негізделіп, тағдыры таразыға тартылғалы тұрған Қызылорда өзінің облыс мәртебесін сақтап қалды. Мұны үлкен азаматтық ерлік деп бағалауға әбден болады!

Оның жасаған жобалары бүгінгі күні де маңызын жоймай, қайта өзектілігі артып келеді. Мәселен, Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу жобасына Бердібек Машбекұлы тікелей мұрындық болды. Басы-қасында өзі жүріп, бел шеше кірісті. Шүкір, бүгінде осы жобаның игілігін ел көріп отыр. Кіші Аралдың көлемін одан әрі ұлғайтудан да үмітін үзбей келеді. Сөзімізді салмақтай түсетін болсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылы Сыр елінде өткен Ұлттық құрылтайда Арал мәселесіне арнайы тоқталып: «Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір «Көкарал» бөгетін биіктіте шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың сонында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарыпқтай көбейтуге мүмкіндік болады», – деген еді. Сәтін салса, Президенттің тапсырмасына сәйкес Үкімет дайындаған бағдарламалардың оған мүмкіндіктері де жеткілікті.

Сыр елінің жыры мен сыры түгелдене бастаған кезеңде Бердібек Машбекұлы Оңтүстік Қазақстан облысының ақыл-қиметіне тағайындалды. Бұл тұста онтүстіктегі көп өндіріс орындары қантарылып, Шымкент шаһарында да жылу мен жарық бірде бар, бірде жоқ болғаны ел есінде. Тұрғындардың мазасы қашқан қиын сәт-тұғын.

Тағы да сенімге селкеу түсірмеу міндеті тұрды. Сөйтіп, бірінші кезекте коммуналдық шаруашылығына қарасты мәселелерді шешетін жедел және нақты шараларды қолға алды. Бел буып бастады, берекесін байқатты.

Бердібек ағаны өзгелерден тұлғаландыра түсетіні, оның ұлттың рухани және мәдени серпілуін дұрыс бағдарлай білетінінен көрінеді. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғындағы ауыр кезеңді бастан өткеріп жатқан аласапыран шақта Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын кең көлемде өткізуі та қаранғыға шырақ жаққандай шырағдан болды десек, жанылмаймын. Бұл – ұлтамыздың рухани жаңғыруына тың серпін берді. Нәтижесінде, бірнеше жылда онтүстік өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын тіктеп, танымастай өзгеруіне жағдай жасады.

Одан кейін әбден тығырыққа тірелген Кеден саласына да қан жүгіртіп, ұршықты үйіріп әкетті. Тұңғыш Кеден кодексын жарыққа шығарды. Сол бойынша заңдық әлеуетін күшейтті. Әлеуметшіл тұлға әлеуметтік салаға жауапты министр де болды. Екі рет. Премьер-министрдің орынбасары да болды. Тағы да екі рет!

Бірақ Бердібек Машбекұлы қай кезде де кабинетте жұмыс істегеннен гөрі, елмен араласқанға, елдің мәселесін жергілікті жерде шешуге әбден дағдыланған менеджер еді.

Осынау менеджерлік қабілетін Шығыс Қазақстан облысын басқарған жылдары қайта көрсетті. Оның шығысқа баруымен бірге елге ұлттық рух барды. Абайды ұлықтау биік деңгейге көтерілді. Шығыстағы ұлттың мәселесі көшеде емес, әкімдіктің платформасында айтыла бастады. Өзге ұлт өкілдеріне де құрмет көрсетудің жолын тауып, халықтың көңілінен шықты.

Ағамыз қай жерде қиындық болса, сол жерде жүретініне бой үйреткен кезіміз еді. Шығыста табиғат мінез танытып, Қөкжыра мен Жәңгікей ауылы судың астында қалды. Комиссия құрып, мәселені жіті зерттеп, етікпен су кешіп, халықтың ортасында болды. Апта сайын апаттық ауылдарға соғып, жағдайды өз бақылауында ұстап, қапына келтіру жұмыстарына ерекше мән берді.

Облыс орталығында Абай ескерткіші бой көтергенде көпнен бірге қуанған едік. Ал шығыстың халқы қайраткермен қоштасар сәтте қимастық сезімін білдіріп, көздеріне еріксіз жас алды. Бұл жаңалықты естіп, біз тағы қуандық! Іштей сүйсіндік. Қайрат-

керлік тұлғасына танырқап, таңғалдық.

Азаматтық белсенділік – ол тек елдің алдына ең алдымен білегін түрініп шыға келетін елгеzekтікте емес, ол – бүгінгі күн пәрменінен ертеңгі келешектің көкейтесті мүддесін тапжылмай танып барып қайратқа мінетін, әрекетке жүгінетін қапысыз көрегендікте. Бердібек Машбекұлының осы азаматтық белсенділігі облыстарды басқарған қызметінде ерекше көрініп, өнегесін тағылым етеді.

Ақтөбе облысына әкім болып баруы облыста секталық ағым күшейіп тұрған тұсқа тура келді. Радикалдар қоғамдық тыныштықты бұзуы әбден мүмкін еді. Осының алдын алуда жанкешті қызметті үлгісіне танытты. Сонда әкім болып тұрғанда шетелдік компанияның менеджерлерінен мемлекеттік тілді құрметтеуді талап еткені де халық жадынан өшпек емес.

Жамбыл облысында ұлттар арасына сына түсуі мүмкін болған күрделі кезеңде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың зор сеніміне ие болып, елдің аманатын арқаалаған Бердібек Машбекұлы Сапарбаев облыс әкімі қызметіне қайта тағайындалды. Бұл – бесінші облыс еді. Мұнда да өзге ұлт өкілдерімен кездесіп, мән-жайға қанығып, өзара түсіністікті жолға қоя білді.

Осы өңірде «Бір ауыл – бір өндіріс» жобасын қолға алып, үлгілі ауылдардың қартасын жасап, іргелі істерді бастады. Сол тұста Жанақорған ауданының іскер азаматтары тәжірибе алмасуға ынталы болып, ағамызбен хабарластық. Бердібек Машбекұлы ұсынысқа ықылас танытқанымен, Тараз қаласына біздің жолымыз түспеді. Осы мүмкіндіктің орайы келмегіне өкінемін.

Түйіндей айтсақ, Бердібек Машбекұлы Сапарбаев қоғамның қай саласында, елдің қай аймағында мәселе ұшығып тұрса, сол жерден табылып, буырқанып тұрған мәселелерді рет-ретімен шешіп, көрегендігін танытып жүрді. Бердібек Машбекұлы өзіне сеніп тапсырылған барлық қызметке үлкен абыройға жетті. Тек артынан жасыс сөз ерді. Оны халықтың ерекше құрметтеп, сыйлауының сыры – кісілігінде, кішіпейілдігінде, қарапайымдылығында жатыр. Кез келген істің көзін тауып, шешімін тарката білуі – оның білімділігі мен біліктілігін көрсетеді. Бастысы, халықпен ұдайы ақылдасып, олардың көңісінен түйін тауып, оны тарката білетін еді.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің тағы бір ерекшелігі – қоғамды мазалаған мәселелерді тап басып, оны шешудің жолын анықтап, шұғыл әрекет бетін. Ол үшін мәселенің үлкен-кішісі болмайтын. Барлық іске бірдей қарап, кез келген бастамасын тыңғылықты атқаруға дағдыланған еді. Бердібек Машбекұлы туралы сөз еткенде, қай облыста болмасын, барлық ауданды аралап шығып, тіпті әрбір елді мекенді көзбен көріп, ондағы негізгі проблемаларға қанығып, шешуге бар ынта-шынытсымен кірісетін іскерлігі таңғалдырмай қоймайды.

Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – адамның өмірден жинаған тәжірибесі десек, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан атқа қонып, қиын кезеңдерде қаймықпай, қайта болаттай қайнап, шыңдалған азаматтың мол тәжірибесін келер ұрпаққа өнеге ету – маңызды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ішінде мемлекеттік қызметке келген біздің бұын Бекенді құрмет тұтып өстік, үлгі көрдік, одан өнеге үйрендік. Бүгінгідей азамат қалыбымыз бірден орныққан жоқ, жаксының жолын, озықтың орнын көріп, тырыстық, талпындық, табысты болдық.

Түйіндей айтсақ, халық жүрегіндегі қайраткер – Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың ғибаратты ғұмырынан тарамыс тағдырдың да, талайғы тар жол тайғак кешудің де түрлі амалдарын, жеңіс пен жемістің тәттілігін, өмірдің сан қырлы сипаттарын сезуге болады. Ал оны халық құрметтісі еткен – ерен еңбегі, елжанды қасиеті, өтелген азаматтық парызы!

Зуслан РҮСТЕМОВ,
Парламент Сенатының депутаты

ДАҒДАРЫС ТӨП-МЕНЕДЖЕРІ

Ақпанның тоғызында мемлекет және қоғам қайраткері, тәуелсіздік ізашарларының бірі, дағдарыс топ-менеджері, өзінің жасампаз және қажырлы еңбегімен, қажымас қайратымен, жұмысқа қабілетімен Отанымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға елеулі үлес қосқан Бердібек Машбекұлы Сапарбаев 73 жасқа толар еді.

Бердібек Машбекұлын 90-шы жылдардан бері ол ҚР Үкіметі аппаратында бөлім меңгерушісі, кейін басшысы болған, 1995 жылы оның басшылығымен Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Кедендік бақылау агенттігінде, Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде бірге жұмыс істеген кезден білемін.

Оған Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңінде қиын әрі жауапты миссия, яғни өзінің туған өңірін басқару міндеті жүктелді. Қатал дағдарыс, экономикалық күйреу және гиперинфляция жағдайында Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық ахуалын көтеруі керек болды. Ол кезде нарықтық экономиканың ерекшеліктерін ешкім білмеді, қажетті білім мен дағды жетіспеді, өздігінен оқып-білуге, тіпті қателіктерден сабақ алуға тура келді.

Адамдар жылдар бойы қалыптасқан көзқарастары мен стереотиптерінен әрең құтылды. Ескіліктің сүрлеуін таптап беруге болмайтынын түсінді, бірақ басқа өмірді елестете алмады. Жаңаша өмір сүрудің дайын ережесі болған жоқ, аймақта әлеуметтік шиеленіс тудырмау үшін ерекше жолдар мен тәсілдерді іздеуге, шаралар қабылдауға тура келді.

Ол шақта мемлекеттіліктің, нарықтық экономиканың жаңа моделі іздестіріліп жатты, ал Бердібек Машбекұлы аймақты дағдарыстан шығару үшін бар білім-білігін жұмсады. Бұл міндетті облыс әкімі мен оның командасы орындап шықты.

Солардың бірнешеуіне қысқаша тоқталып өтейін.

Негізгі кәсіпорындар, оның ішінде «Оңтүстіқмұнайгаз» АҚ жекешелендіріліп, өңірге шетелдік инвестициялар, заманауи технологиялар, кәсіпорынды басқарудың жаңа стилі келді, бұл мұнай-газ саласының әлеуетін көтеруге, Сыр өңірінің 5 мыңнан астам тұрғынын жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді. Төлем вексельдері енгізіліп, 100 млн теңге көлемінде «Инвестиция-газ» заеми шығарылды. Осы шаралардың арқасында қызметкерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы берешегі өтелді.

Б.Сапарбаевтың 1996 жылы облыстың қордаланған мәселелерін шешуге мүмкіндік берген Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құрудағы рөлін ерекше атап өткім келеді. Ол ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Оңтүстік Қазақстан облысын, Кедендік бақылау агенттігін, Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін басқарғанда да осындай айрықша әдістерді қолданды.

Оңтүстік Қазақстанда Бердібек Машбекұлының алдында ауқымды міндет тұрды. Ол – білік тұрғындарға газ, жарық, жылу беріп, бюджет саласы қызметкерлеріне жалақыны уақытылы төлеп, жағдайды өзгерте алады деген ел сенімін қайтару.

Шұғыл әрі шешуші қадам жасауға тура келді. Соңғы бірнеше жылда аймақ тұрғындары көтерген мәселелер алғаш рет шешімін тауып, жаңа мыңжылдық табалдырығын көтеріңкі көңіл күймен аттады.

Кедендік бақылау агенттігін басқарған кезде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қолайлы жағдай туғызу, кеден органдарындағы сыбайлас жемқорлықты төмендету үшін бар қуыс-жігерін кедендік рәсімдерді автоматтандыруға жұмсады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, алыс және жақын шетелдерден келген отандастарымызды қорғауға баса назар аударды. Жезқазған мен Рудныйда әлеуметтік әріптестік пен ұжымдық еңбек қатынастарын дамытуға елеулі серпін берген форумдарды өткізудің бастамашысы болды.

Бердібек Машбекұлы туралы 2013 жылы жариялаған менің мақаламнан кейін оған «Дағдарыс топ-менеджері» атағы мықтап бекіді. Сөзім дәлелді болуы үшін бірнеше мысал келтірейін. Қызылорда облысы өз тарихында екі рет жабыла жаздағанын жерлестерім білмейтін шығар. Әр жолы 80 пайыздан астам қазақтар тұратын, Алаш азаматтарының ізі қалған қасиетті мекеннің мүддесін қорғаудан қорықпайтын адамдар болды. Біріншісі, Социалистік Еңбек Ері, Тереңөзек аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Нұрқасым Бердіқұлов Қазақстан Компартиясы ОК-ның осы мәселеге қатысты ұстанымына Кеңес дәуірінде ашық қарсы шықты.

Екіншісі – Бердібек Сапарбаев, ол Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында экономикалық, әлеуметтік салалардың, демография, көлік және өзге де коммуникациялар, геологиялық қорлар туралы сараптамалық деректермен және болжамдармен қаруланып, әлемге белгілі

ғарыш айлағы – Байқоңырдың жақындығын ескеріп, аймақты сақтап қалу үшін үлкен жұмыс атқарды.

Жезқазған облысының бұрынғы әкімі Ерлан Смайыловтың айтуынша, екеуі Ұлытау аумағында орналасқан Құмкөл кен орындарындағы мұнай өндіруші компаниялардың салықтары (бір түрінен басқасы) Сыр өңірінің қазынасына түсетіні туралы уағдаластыққа қол жеткізген.

Бердібек Машбекұлы барлық есептерді алып, лауазымды адамдарға, бірінші басшыларға барды, Қызылорда облысының аумақтық құрылымын өзгеріссіз қалдыру орындай шешім болғанына сендірді. Бұл шешімнің дұрыс болғанын уақыт өзі дәлелдеді. Аймақ мәртебесін сақтап қалып, әрі қарай дамуға мүмкіндік туды.

Б.Сапарбаев Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарының әкімі болып тағайындалған кезде осы өңірлерде қандай күрделі жағдай қалыптасқанын оқырман ұмытпаған шығар. Ел басшылығы тәртіп орнату қажет болғанда бұл жұмысты сеніп тапсырды. Қысқаша айтқанда, бұл жергілікті билік құрылымдарының дағдарысы еді. Табиғи апаттарға байланысты, басқа да форс-мажор жағдайлар болды. Бердібек Машбекұлы өзіне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындады.

Мысалы, 1998 жылғы 11 қантарда Қызылордадағы ЖЭО-да апат болды. Оның салдарын жою үшін қысқа мерзімде Ресей мен Украинадан 160 вагон жабыдық әкеліп, ТМД елдерінен 800-ге жуық жоғары білікті маманды тартып, жөндеушілердің үйлесімді және үздіксіз жұмысын ұйымдастырды. 1998 жылдың 29 қазанында жаңартылған ЖЭО-ны іске қосты.

Осындай жұмысты Шығыс Қазақстандағы су тасқыны кезінде, Қордайдағы оқиғалардан кейін, Жамбыл облысында коронавирусқа қарсы вакцина шығаратын зауыт салынғанда үйлестірді. Қай жерде жұмыс істесе де, қандай қиын жағдайда да халыққа қолдау көрсетті. Қалың бұқараның өзекті мәселелеріне ден қойды. Халықпен кездескенде жұртшылықпен тікелей сөйлесті.

Бердібек Машбекұлы ауылда өсіп, көпбалалы отбасында тәрбиеленгендіктен, туған тілге, мәдениетке, тарихқа, салт-дәстүрлерге деген құрмет бала кезінен бойына дарыған. Оның бастамасымен Алматы мен Астанада өткен Қызылорда облысының мәдениет күндері, 1998 жылы елорданың тұсаукесерінде қойылған «Қорқыт – қобыз – домбыра» спектаклі көрермен ықыласына бөленді. Алматы мен Таразда бастау алған Шәмші Қалдаяқова арналған республикалық фестиваль Б.Сапарбаев басшылыққа келген соң композитордың туған жері Оңтүстік Қазақстанда, Арыс жағасында өткізіле бастады. Түркістанның 1500 жылдығы да сол кезде атап өтілді.

Б.Сапарбаев – еліміздің бес өңірін, екі орталық мемлекеттік органды басқарған, әр жылдары екі рет ҚР Премьер-министрінің орынбасары болған бірінші және жалғыз тұлға. Қай жерде жұмыс істесе де, жұртшылық оның қызметін оң бағалап, ең жоғары баға берді.

Бердібек Машбекұлы «Отан», I дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, медальдармен, Ресей Федерациясының «Достық» орденімен марапатталған. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының құрметті азаматы атанды.

ҚР Үкіметі Отанымыздың нағыз патриоты Б.Сапарбаевтың есімін «Тарихи тұлғалар тізіміне» енгізсе, мұндай бағалау өскелең ұрпақты тәрбиелеуге оң ықпал етер еді.

Кенес МАХАМБЕТОВ,
еңбек ардагері,
Астана

ЕЛЖАНДЫ ҚАСИЕТ

ОЛ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЭТАЛОНЫ

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекулы Сапарбаевтың үлкен тұлға екені барша қазаққа аян. Ол 27 жыл бойы 5 облысқа жетекшілік етіп, әкім болған, сондай-ақ Премьер-министрдің орынбасары, екі рет министр және басқа да лауазымды қызмет атқарған азамат. Бұл – Қазақстан тарихындағы бұрын-соңды болмаған абыройлы міндет.

Бекең жайлы айтар болсақ, соншама жылдар бойы әртүрлі Үкімет басшыларымен, екі Президентпен тізгін қосып, қатар жұмыс істеуде оның саяси өміршендігі неде деген сұрақ туатыны заңдылық.

Өз басым бұған екі түрлі нұсқада жауап берер едім. Біріншіден, Бердібек Машбекулының мемлекеттік қызметке деген тазалығы, адалдығы. Ал екіншіден, оның кабинеттен гөрі халық арасында көп болып, елмен етене араласып, «үлкенге құрмет, кішіге ізет» жолынан жаңылмағанында. Тағы бір қосып айтар дүние, ол өте еңбекқор азамат болды. Алға қойған қандай да бір елдік істі орындамай қоймайтын. Мен Бердібек Сапарбаев басқарған 5 облыстың

азаматтарымен қызметтес болдым. Олар тек жақсы пікір ғана айтып отыратын. Жалпы бұл жерде мемлекеттік қызметшілер, басқа да лауазым иелерінен бөлек, халық та Бекеңе деген зор бағасын үлкен ықыласпен айтып келеді.

Сондықтан мен Бекеңді мемлекеттік қызметшілердің эталоны, үлгі тұтар азаматы болды деп есептеймін. Сонымен қатар, ол 2022 жылы зейнетке шыққан соң да қарап отырмады. Өзінің бар өмірлік тәжірибесін кейінгі буынмен бөлісті. Көзіміз көргендей, арнайы университеттерде сабақ беріп, дәріс оқыды.

Бір анық дүние бар. Бердібек Сапарбаевтың ұлтжандылығы, елге деген өлшеусіз қызметі, азаматтығы мен мемлекетшілдігі ел-жұрттың есінде мәңгілік қала бермек. Оның әр ісі – Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматына үлкен үлгі.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
мемлекет және қоғам қайраткері



ҰМЫТЫЛМАС ЕСІМ

«Бердібек Сапарбаевтың феномені қандай?» деген сұраққа мен былай деп жауап берер едім. Бердібек Машбекулының бойында біріншіден, мемлекетшіл, ұлтжанды, білімді, қарапайымдылық қасиеттерін айтуға болады. Соған қарамастан талапшылығы да бар еді. Мен бұл қасиеттерін бірге қызмет жасаған уақыттары байқадым. Ол кісі тек талапшыл басшы емес, сонымен бірге адаммен жақсы сөйлесе алатын, әрбір жанды түсіне алатын қарапайым азамат болатын. Осындай біліктілігінің

арқасында 95-ші жылдардың аяғында экономикасы құлдырап тұрған Қызылорда облысына келіп, 1-2 жылда жақсы деңгейге көтерді. Мемлекет басшылары қай аймақта қиын мәселе болса, сол жерге жіберетін. Ол кісі бес аймақты басқарды, қазіргі кезеңмен салыстырғанда жеті аймақ десе де болады. Сол облыстардағы ел-халықтың тұрмыстық жағдайын көтере білді. Халықтың мұң-мұқтажына құлақ түріп, ризашылығын алды. Қызмет ауыстырған кездері жұртшылық қимастықпен шығарып

салатын. Сондай қасиеттерінің арқасында мемлекеттен де лайықты бағасын алды. Дегенмен, Бекеңнің еліне бергенінен берері көп еді. Өткен, уақыт бір орнында тұрмайды. Оның соңында онегелі ісі, елінің алғаусыз ризашылығы, еңбегінің үлгісі қалды. Сондықтан арда азаматтың елі барда есімі ешуақытта ұмытылмайды деп ойлаймын.

Бекмырза ЕЛІМАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері



РУХТЫ ЕҢБЕКТІҢ ЖАРШЫСЫ

Бекең адал еңбегімен елін биікке көтерді. Енді міне, сол адал еңбегі арқылы өзі алты Алаштың аңыз азаматына, ардақтысына айналды. Еліміз сонау тәуелсіздік алған тұста, егемендіктің іргесін қаласқан тұлғалардың бірегейі болды. Ауырлықтан қашпады, қиындықтан саспады. «Не істеймін?» деп жоғарыға жалтандамады, босандық танытып қиын сәтте мойымады. Дауыл мен жауынға қарсы тұрды. Ауыртпалық шақта көлеңке іздеп отыратын жай таңдамады. Өйткені оның мойнында ел тағдыры, адамдар қам-қарекеті тұрды. Жеткен жетістігіне көңілі толмады, халқының қамын жеп кеудесін мұң торлады. Бұның барлығы Алашқа деген жанының тазалығы еді.

Қайтсем халқыма қорған болам деп ой орманын аралады. Өзін елі үшін аямады. Егемен елдің ертеңі үшін қам жеді. Сөйтіп, ел жолында беріле ерінбей еңбек етті. Халқым – бағым, елім – арым, туған жер – барым деп жансепілдікпен жұмыс жасады. Абырой да, атақ та өзі іздеп келмейді. Бәрі адал еңбектің, төккен тердің, қара бейнеттің арқасында келеді.

Бердібектің ірілігі ісінде еді. Еліміз тәуелсіздік тұғырына қонған кезеңде, ел арасын жұмыссыздық жайлап, күнкөріс төмендеген қиын шақта 1995 жылдың қыркүйек айында Бердібек Машбекулы туған жері Қызылорда облысына әкім болып келді. Ол кісі жастық жігермен, жалынмен, күш-қайратымен тынбай жұмыс жасап, өңірді тығырықтан алып шығудың онтайлы жолдарын қарастырып, Сыр бойының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңаша ізденістер арқылы жол іздеп, жанқиярлықпен еңбек етті.

Бұл сәт біздер көріп білмеген нарықтық кезеңнің алғашқы ауыр тұсы еді. Бекең өзіне артылған сенімнен шығу жолында намыспен, қайсарлықпен, құштарлықпен осы кезеңде жарғақ құлағы жастыққа тимей жұмыс жасады. Өзі басқарған жылдар ішінде жаңа істердің көзін ашып, білімділігі мен біліктілігінің арқасында Сыр елін сол ауыртпалықтан алып шыға білді. Менің Бердібек Сапарбаевпен таныстығым осы Сыр өңіріне әкім болып келгеннен басталды.

Мен ол кезде «Береке нан» акционерлік қоғамының директоры қызметінде болатынымын. Елімізде небір алып зауыттар мен іргелі комбинаттардың жұмыстары тоқтап тұрған шақ. Мемлекетімізде жекешелендіру саясаты жүріп жатқан уақыт еді. Жасыратыны жоқ, мен мынау Қызылорда теміржол су жүйесі, қаладағы сүт зауыты, басқа да ірі кәсіпорындар мен комбинаттар жекешеленеді дегенге өз басым сенгенім жоқ.

Бірақ сол кездегі саясаттың ұстанымы осындай болды. Бекең елге келісімен өз кабинетінде бір сәтте отырмай, мекемелерді, кәсіпорындар мен өндіріс орындарын үздіксіз аралап, олардың бойына қам жүгіртіп, тіршілік жасау шарасын бірден қолға алды.

Бір күні ретін тауып Бердібек Сапарбаевқа кіріп біздің мекеменің хал-жағдайы мен атқарып жатқан тірліктер жайлы баян еттім. Содан соң жекешелендіру жайлы ой қозғап, өндіріс орнын 3 жыл мерзімге сенімді басқаруға беруге болатындығы жөнінде ой-пікірімді, ұсыныстарымды жеткіздім. Сол кезде байқағаным Бекең мені әбден тындап алды. Содан соң аса сабырлықпен, ыждағаттықпен, пайымды-парасатпен ұсыныстарыма оң пікірін білдірді. Сонда барып ол кісінің бойында адами қасиетінің зор екенін аңдадым. Барлық жағдайға аса түсіністікпен қараған басшыны алғаш рет көруім.

Осыдан соң көп ұзамай, облыс басшысының кезекті аралауының реті біздің мекемеге келді. Бекең алдымен мекеме жұмысымен, тыныс-тіршілігімен кеңінен танысты, цехтарды аралап көрді. Еңбек адамдарымен кездесті. Өте керемет жылы жүздесу болды. Еңбек адамдары ол кісімен емін-еркін сөйлесіп, ашық дискуссия орнатты. Олармен емен-жарқын тіл табысып, қиыншылық кезеңде сабырлы болуға шақырды. Облыс басшысы өндіріс орнының жұмысына көңілі толып, оң бағасын берді. Ісімізге сәттілік тіледі.

Біздің ұжымның еңбек адамдары ол кісінің сондай жанашырлығын, жүрегі жұмсақ жан екендігін көпке дейін ауыздарынан тастамай айтып жүрді. Тіптен, біз мынадай кішіпейіл

басшыны көрген емеспіз деген ойларын да жасирмады. Бекеңнің бойынан қазақилықтың жылы лебі есіп тұрғанын көпшілік сонда сезген еді, білген еді.

Бердібек Машбекулы қолынан іс келетін, әсіресе, қарапайым еңбек адамдарына аса мән беретін. Осындай ауыр, қиын кезеңдерде ол кісімен бірге жұмыс жасағанымды өзім мақтан тұтамын. Өте білімді, әркез қолынан кітап түспей білім-білігін ұштап отыратын. Ұтымды ұйымдастырушы, елжанды, ұлтжанды, іскер басшы бола білді. Соның арқасында Қызылорда облысынан өзге 4 облысты басқарды. Ақырын жүріп, істің көзін таба білетін басшы болды. Мен айтар едім, Бердібек Сапарбаев осы іскерлігінің арқасында әкімдердің көшбасшысы бола білді. Ол сонысымен қатарына сыйлы, әріптестерінің алды болды.

Уақыт еншісінде ел небір жақсы, аяулы азаматтармен кездесіп, диалогасып жүрміз. Ал олардың ішінде ел жүрегіне есімі көшіп алған, көңіл төрінде өшпестей ұялап қалған азаматтар болады. Дара тұлғасымен ел есінде мәңгі сақталған қайраткердің бірегейі – Бердібек Машбекулы Сапарбаев екені анық.

Бір ғана Шығыс жерінде елді қызыл судың қарғынынан қорғап, демеу бола білген Бердібек Машбекулының, сол шығыста Ұлы Абайдың рухын жаңғыртуға қосқан үлесін біреу білсе, біреу білмес бәлки. Бұл жайында жерлес жампоз ақын Бақытжан Абызов «Абай ақынның Өскеменге келуі» атты жыр жолында:

«Ана тілім босағаға енді бек,
Арқа тастап жауаңдаған сәттерді.
Көк байрақты – Әкім балаң Бердібек –
Төрге оздырды және Рухты ап келді...»
деп дәріптегенін білеміз. Сол рухты еңбектің лайықты бағасы да болады деп сенеміз.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы,
«Құрмет» орденінің иегері,
Шиегі ауданының, Қызылорда қаласының құрметті азаматы

/// ОЙ-ТАРАЗЫ

Әрине, басшы істің басы-қасында жүреді. Ол – ұйымдастырушы. Дегенмен түзген бағдарын, алған бағытың дұрыс болмаса, соңыңнан халық ере ме? Ермейді! Сондай-ақ алған бағытыңды өзін бастап сапта болып, қатардағы қарапайым адамдармен жиі кездесіп, істің мән-жайын түсіндіріп, олармен бірге жүрмесен, олардың жан дүниесіне үңілмесен, ісін жемісті бола қоюы екіталай. Халықты өзіңнен артық сүйгенде ғана олардың жан дүниесіне ене аласың,

олардың жанына жалау бола аласың. Өйтпесе еңбегің еш.

Халыққа бармайтын, халықтан қорқатын басшы — басшы бола алмайды. Егер сен жұмыс жасап жатсаң, жұмысың нәтижелі болса, неге қорқасың?! Одан кейін барлық мәселені бірден шешіп тастау мүмкін емес. Өмір болғаннан кейін күнде бірдене шығып

тұрады. Бірақ сен халыққа бар, халықпен кездес. Қорқатын ештеңе жоқ.

Кабинетте отырып халықтың мұңын жоқтау диагнозыңды білмей дәрі ішумен бірдей.

Көптеген жас ауылға барып жұмыс істегісі келмейді. Жалақысы аз дейді.

Аздан бастау керек. Бәріміз де жас болдық, бәріміз де солай бастадық. Ешкім бірден бастық болып 200-300 мың теңге алған жоқ. Барлығы бірден келмейді ғой. Мен де грузчик болдым. Өйткені маған жаңұямды асырау керек болды.

Бұл өмірден түсінгенім: әке қашанда әке екен. Сен мейлі әкім, мейлі министр бол, бәрібір ол үшін баласың. Үлкен

қызметтерден қол тие бере ме, ауылға барсам «келуді қойдың ғой» деп ренжуші еді...

Алла тағалаға мың да бір рақмет деймін! Маған осындай өмір бергеніне, осындай қызмет бергеніне, осындай жора-жолдас, басшылар, отбасымды, балаларымды бергеніне мың алғыс! Тәубе деймін. Мың да бір рақмет! Шүкір!

«Сапарбаев тұлғасы» кітабынан.

/// БРИФИНГ

ТЫНДЫРЫМДЫ ІСТІҢ ТЕТІГІ

Өңірде кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласы қарқынды дамып келеді. Былтыр өнеркәсіп, жер қойнауын пайдалану, индустриялық-инновациялық даму, сауда, инвестиция тарту және сыртқы байланысты дамыту бағытында атқарылған іс ауқымды болды. Бұл туралы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мөлдір Тәуіпбаева өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте хабарлады.

– Өңдеу өнеркәсібі 6,4, сауда айналымы 7, негізгі капиталға тартылған инвестиция 10,6 пайызға артты. Шетелдік инвестиция тартуда өсім 19,1 пайыз. Өнеркәсіп саласында 1 трлн теңгенің өнімі өндірілді.

Сондай-ақ мұнай қорын толықтыру және перспективалық учаскелерді анықтау үшін орталық орган тиісті іс-шаралар атқаруда. Республикалық бюджет есебінен Арал шөгінді бассейнінде геологиялық зерттеу жұмысы аяқталды. Нәтижесінде 1,1 млрд тонна көмірсутектің болжамды ресурсы анықталып, Энергетика министрлігі аукцион арқылы әлеуетті инвесторларға ұсынады, – дейді басқарма басшысы.

Сырдария шөгінді бассейнін зерттеу жұмыстары 2024 жылы басталып, 3 жылға жоспарланды. Ал «Саутс ойл» серіктестігі «Құмкөл» кен орнындағы «Қарағансай» учаскесінде дәстүрлі емес көмірсутекті игеру бойынша жұмысты қолға алды. Қазір шет елдерден мамандар тартылып, жана өндіру әдісі енгізілуде. Жоба бойынша тәулігіне 70 тонна мұнай өндіру күтілуде.

Сырдария шөгінді бассейнін зерттеу жұмыстары 2024 жылы басталып, 3 жылға жоспарланды. Ал «Саутс ойл» серіктестігі «Құмкөл» кен орнындағы «Қарағансай» учаскесінде дәстүрлі емес көмірсутекті игеру бойынша жұмысты қолға алды. Қазір шет елдерден мамандар тартылып, жана өндіру әдісі енгізілуде. Жоба бойынша тәулігіне 70 тонна мұнай өндіру күтілуде.

Басқарма Энергетика министрлігі облысқа бөлген сұйытылған мұнай газды операторларға бөліп, мониторинг жасайды.

Өткен жылы 88,8 мың тонна шамасында сұйытылған газ бөлінген, айына орта есеппен 7 мың тонна. Тимдік жұмыстың нәтижесінде қосымша 20 мың тонна газ бөлінді.

Экономиканы әртараптандыру үшін алдағы үш жылда 98 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Мәселен, «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің автотаттандырылған кірпіш зауыты. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жер-

ліктік құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етуде. «Қызылорда Нан» серіктестігінің нан өнімдері кешені іске қосылды.

Брифингте басқарма басшысы кәсіпкерлік және сауда бағыты бойынша да атқарылған іс тындырымды екенін айтты. Облыста кәсіпкерліктің даму қарқыны белсенді, шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 20,5 пайыздан асты, 65 мыңнан аса кәсіпкер жұмыс істейді.

Мемлекеттік қолдау шараларының аймақта жүйелі әрі тиімді жүзеге асырылуы кәсіпкерлік саласындағы негізгі көрсеткіштердің өсімін қамтамасыз етті. Былтыр жеке кәсіпкерліктің 2 929 жобасына қаржылай қолдау көрсетілді. Оның ішінде, шағын және орта бизнестің 210 жобасы субсидияланып, 145 жобаға кепілдік берілді.

Елімізде қаржы институттары өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған «Өрлеу» бағдарламасын жүзеге асырып, бизнестің 49 жобасы қаржыландырылды. Ауылдық жерде микро және шағын бизнесті қолдауға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 388 жоба, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 86 жоба несиелендірілді.

Быыл жеке кәсіпкерлікті қаржылай қолдау үшін субсидиялау, кепілдендіру, жеңілдікпен неселер беру құралдары қарастырылып, 543 жобаны қаржылай қолдау жоспарлануда.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Іскер аймақ» шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама аясында сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай емес және инфрақұрылымдық қолдау шараларын ұсыну көзделген. «Ауыл аманаты» және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламаларының аясында жүзеге асырылған жобаларды осы «Іскер аймақ» бағдарламасымен қаржыландыру арқылы кеңейту мүмкіндігі қарастырылған.

Басқарма «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, «Даму» қорымен бірлесіп, экономикалық қызметтердің басым тізбесін айқындау жұмыстарын жүргізуде. Жыл көлемінде кәсіпкерлікті дамыту және қолдауда даму институттарынан қаржы тарту шаралары атқарылды.


Үкімет бекіткен жол картасына сәйкес облыс орталығында 4 әмбебап базар жаңғыртылуда. Оның ішінде, «Сұлтан-2» базарының құрылысы толығымен аяқталып, техникалық режимде жұмыс жасауда. «Сыбаға» базарының 6 сауда қатары бұзылып, құрылыс алаңы дайындалып жатыр, «Талғат» және «Асбол» базарының құрылысы басталды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ТАРИХ

ПЕРОВСК портындағы алғашқы мектептер

Архив – өткен күннің айнасы, тарихтың тірі куәсі. Сарғайған құжаттардың әр парағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Сыр өңірінің рухани келбетін, халықтың білімге деген аңсарын және өңірдің әлеуметтік-экономикалық өрлеу жолын айқын паш етеді. Перовск (қазіргі Қызылорда) пен Қазалы уездеріндегі оқу-ағарту ісі мен инфрақұрылымдық жобалар – бүгінгі өркениетіміздің іргетасы.



Перовск қырғыз мектебінің жоспары

Бұл тарихи шежіре 1858 жылы Перовскіде шикі кірпіштен салынған, төбесі топырақпен жабылған, құны небәрі 800 рубль болатын алғашқы қарабайыр мектеп ғимаратынан бастау алады. Ол кездегі білім беру жағдайы заман талабынан көш кейін қалған еді. Алайда, 1863 жылғы Перовск фортындағы базар алымдары туралы деректер мен өлшеу алымынан жиналған 506 рубльдің бір бөлігі базарбасшылардың жақалысына жұмсалуды өңірдегі экономикалық жүйенің біртіндеп қалыптаса бастағанын көрсетті.

1879 жылдың тамызында Перовск қалалық училищесінің менгерушісі Н.Воскресенскийдің есептеріне сүйенсек, 14 бөлмеден тұратын еңселі білім ордасы бой көтерді. Училище ғимаратының ұзындығы 60 аршын, ені 20 аршынды құрап, іргетасы күйдірілген кірпіштен қаланған.

Мұнда оқушылар үшін екі үлкен класс, кең зал, тіпті мұғалімдерге арналған пәтерлер мен «Утермарк» үлгісіндегі заманауи пештер қарастырылды. Ең маңыздысы – училищенің жанынан қырғыз (қазақ) балаларына арналған пансионның ашылуы еді. Сырдың кең даласынан келген қазақ балалары осы жерде жатып оқып, К.Ушинский мен Водовозованың әдістемелік еңбектерімен таныды. Мемлекет тарапынан шәкірттердің киімі мен жатын орнына 200 рубльден астам қаражат бөлінуі ағарту ісіне деген жоғары жауапкершіліктің айғағы болды.

1881-1884 жылдар аралығы Перовскідегі білім беру жүйесінің сапалық тұрғыдан өсуі кезеңі ретінде тарихта қалды. Инспектор Азнавеевтің ұсынысымен екі кластық училище үш кластық оқыту жүйесіне көшірілді. Бұл реформа екі мұғалімнің 70 оқушыға сабақ беріп әрі интернат ісін қатар алып жүруінің қиындығынан туындаған еді. 1884 жылдың 19 шілдесінде Түркістан генерал-губернаторының №48 бұйрығымен училищенің мәртебесі ресми түрде бекітіліп, оған жылына 3910 рубль көлемінде мемлекеттік қаржы бөліне бастады. Сонымен қатар, жергілікті халықтың балаларына арналған жатақханадағы орын саны 20-дан 40-қа дейін арттырылды.

Осы кезеңде Сыр бойында тек білім емес, ауқымды шаруашылық жобалар да қолға алынды. 1891 жылдың күзінде Қазалы уезіндегі шөл даланы суландыру үшін 51 407 рубль 75 тиын қаржы бөлініп, жаңа канал құрылысы басталды. Сырдария облысының әскери губернаторы бұл жобаның мақсаты тек жерді суланды-

ру емес, ашыққан халыққа жұмыс тауып беру және 24 мың десятина егістік алқабын ашу арқылы көшпелі жұртты отырықшылыққа бейімдеу екенін атап өтті. Капитан Киселев бастаған арнайы комитет бұл стратегиялық нысанның сапалы салынуын қадағалап, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға күш салды.

1890 жылдардың басында Перовск қаласындағы әйелдер училищесіне лайықты ғимарат сатып алу мәселесі де оң шешімін тапты. Кеңес С.Ивановтың 2000 рубльге бағаланған жеке үйі қоғамдық капитал есебінен сатып алынып, қыздардың білім алуына қолайлы жағдай жасалды. 1896 жылы халықтың ағартушылыққа деген құшпынысының тағы бір ерекше үлгісі көрінді. Перовск уезінің 15 болысынан жиналған өкілдер императордың таққа отыру құрметіне жиналған 16 000 рубльдің 8000 рублін уезд аумағында (Бөрібай, Қазалы, Күмісбек, Күшпен, Манап болыстары) төрт бірдей орыс-түзем мектебін ашуға жұмсау туралы тарихи үкім қабылданды. Бұл мектептер халықтың өз еркімен жинаған қаражаты есебінен ұсталатын болды.

Ғасыр соңына қарай білім беру аясы ересектерді де қамтыды. 1899 жылы инспектор М.Сухановтың бастамасымен Перовскіде жергілікті ересек тұрғындарға арналған кешкі құрстар ашылып, оған қалалық бюджеттен 300 рубль бөлінді. Ал XX ғасырдың басы Сыр өңіріне теміржолмен бірге жаңа серпін алып келді. 1905 жылы «Орынбор-Ташкент» теміржолының салынуына байланысты Перовск станциясында бір кластық теміржол училищесі ашылды. Оның алғашқы ұстазы Мария Румянцевна болды, ал училище шығындары теміржолшылар мен мердігерлердің қайырымдылық көмегтері есебінен жабылды. 1906 жылы Түркістан генерал-губернаторының бұйрығымен жаңа бір кластық ерлер училищесі ашылып, оған қазынадан 700 рубль бөлінді. Сонымен қатар, әйелдер училищесіне екінші мұғалім штаты қосылды. Осылайша, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Сыр бойындағы оқу-ағарту, сауда және инфрақұрылымдық жобалар өңір тарихындағы өркендетің атқарған дінгеіне айналып, бүгінгі Қызылорда білім беру жүйесінің тамыры тереңде жатқанын бұлтартпас айқатқармен дәлелдеп берді.

А.БАЙМЕНОВА,
архив құжаттарын
пайдалану және жариялау
бөлімінің жоғары санатты
палеографы



АЛКОГОЛЬСІЗ АУЫЛ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Жақында ғана Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов пен аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов Мырзабай ахун, Т.Жүргенов және Жаңаталап ауылдық округтерінде болып, тұрғындармен кездескен болатын. Кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Зан мен төртіп» қағидаты аясындағы «Алкогольсіз ауыл» жобасының маңызы туралы айтылды. Өрі жобаның құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған тиімді әрі оң бастама екені кеңінен талқыланды.

Жалпы Жалағаш ауданында «Алкогольсіз ауыл» жобасы бұған дейін де кеңінен насихатталып келді. Жоба біршама елді мекендерде сәтті жүзеге асты. Мысалы, былтыр қыркүйек айында Жалағаш аудандық прокуратурасының бастамасымен және жергілікті қауымдастықтың белсенді қолдауымен Таң ауылда ресми түрде ішімдіксіз ауыл мәртебесіне ие болды. Бұл бастама аясында ауыл кәсіпкерлері өз еріктерімен алкоголь өнімдерін сату лицензияларынан бас тартып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосқан болатын. Сондай-ақ мұндай игі қадам бұған дейін ауыл ақсақалдары, ел ағалары және жастардың ықпалымен Еңбек және Аламекек ауылдарында жүзеге асты. Сауда дүкендерінде спирттік ішімдіктер сатылмайтын болды.

– Иә, өткен жылы елді мекендерді аралау барысында жергілікті ауылдың тұрғындарына «Алкогольсіз ауыл» жобасына үн қосуды ұсындық. Жергілікті әкімдік пен тұрғындар арасында сауалнама жұмыстарын жүргізіп, халық 99%-ы қолдап, нәтижесінде жергілікті кәсіпкерлер алкоголь өнімін сатуға арналған лицензияларын өз еріктерімен мемлекетке өткізді. Қазір Жалағаш ауданына қарасты Ақкыр, Жаңаталап, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Еңбек және Таң ауылы алкогольден толықтай бас тартты. Бұл қалған 8 ауылға үлкен серпін бергендей. Ауыл тұрғындары мұндай игі бастамадан қалыс қалмайтындарын, елдік шараның қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға, құқықбұзушылықтың алдын алуға және өскелең ұрпақ болашағының дұрыс болуына қолдау білдіріп отыр,

– дейді Жалағаш ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Талғат Бектұрсынов.

Осындай профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде Жалағашта қылмыс саны 11,4%-ға азайды. Ал биыл қантар айының 20-сы күні аудан прокуратурасының бастамасы арқылы аудан әкімдігімен бірлескен «Жалағаш заңға бағынған, тәртіпке негізделген аудан» жобасы бекітілді. Бұл жергілікті уәкілетті органдар ықпалымен орындалуда.

Мұндағы ұстаным – отбасылық береке мен тыныштықты нығайту. Қазір осы ауылдардағы мектеп, мешіт және мәдениет үйлерінде алкоголь зияны жайлы жиі айтылып, мазмұнды кездесулер ұйымдастырылады. Ел ішіндегі той-мерекелерді ішімдіксіз өткізу дәстүрге айналып келеді.

Айта кетейік, аталған жоба республика бойынша іске асып жатқаны белгілі. Көп қылмыстың бастауында тұрған зиянды ішімдіктен бас тартқан ауылдар әр өңірде де жетерлік. Ресми деректерде, Жамбыл, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарындағы бірнеше елді мекен ішімдіктен бас тартқан.

Ал Қызылорда облысында 20-ға жуық ауыл салауатты өмір салтын ұстанатын елді мекендер қатарына енген. Олардың кейбіреуінде кейінгі үш жылда мүлде қылмыс тіркелмейті. Бұл – ауыл тұрғындарының қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген ортақ мүддесі.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

АҚ ХАЛАТТЫЛАРҒА ШЫНАЙЫ АЛҒЫС

Өзім жыл сайын жазылып, оқытын «Сыр бойы» газеті арқылы ақ халатты абзал жандардың шипалы қолының шаралатын көрген ардагер ретінде шынайы алғысымды білдіруді кеш те болса адами парызым деп санадым.

2005 жылдан 2020 жылға дейін он бес жыл көлемінде Қызылорда облыстық медицина орталығының бөлімшелерінде маған бірнеше рет ота жасалды. Гипократ анттына адал қызмет етіп жүрген дәрігерлердің арқасында 82 жасқа келдім. Сондықтан төмендегі аттары аталған дәрігерлерге ағалық алғысымды газет бетінде жарияласаңыздар екен.

Урология бөлімшесінің менгерушілері Алматы Құрманғалиевке, Исахмет Валишавқа, емдеуші уролог Еркін Исакавқа, көз аурулары бөлімшесінің дәрігерлері Сәкен Шілмановқа, Жан-темір Изнаговқа, травматология бөлімшесінің менгерушісі Айдос Сапаровқа, ота жасаған Нұрлан Рахманұлына алғысым шексіз.

Сонымен бірге бөлімше менгерушілерінің нұсқаулығы бойынша күндіз-түні ем жасаған аяқандарға да ризамын. Өкінішке қарай, кезінде жазып алмағасын аттары есіме түспей отыр.

Аянбай еңбек етіп, ел алғысына бөленіп жүрген дәрігерлерге шың жүректен алғысымды жолдаймын. Оларға зор денсаулық, отбасыларына амандық тілеймін. Халық алғысына бөлене беріндер дей отырып, бір шумақ батамды арнаймын.

Мен батамды берейін,
Үстем болсын мерейін.
Өрқапшанда сендерді,
Бііктерден көрейін.
Бақыт, байлық, денсаулық,
Бар жақсылықты тілейін.

Әміт ЖАҢАБАЕВ,
зейнеткер,
төтенше жағдайлар
департаментінің ардагері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕР ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН

Менингит жұқпалы аурулардың қатарында болғандықтан, алғашқы белгілері бірден білінбейді. Небәрі бірнеше сағаттың ішінде қозуы мүмкін, яғни бұл дерттің кезеңі өте қысқа.

Бастапқыда бас қатты ауырады. Жүрегі айнып, құсалды, есін жоғалтады, не істеп жүргенін өзі білмейді. Басы айналады, жарық сәулеге сезімталдық пайда болады. Ас іше алмайды, төбетін толықтай жоғалтады. Егер өршіп кетсе сіңірі тартылады.

Инфекцияның қанға таралғанын тері түсінің өзгергенінен, іштің түйіліп ауырғанынан, қол мен табанының температурасы түсіп кеткеннен, тері бөрткеннен, бұлшық ет пен буындар ауырып, дем қиылғанынан және дене қалтырағаннан байқауға болады.

Егер осы белгілердің біреуі болса, міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгінген жөн. Дереве желел жәрдем шақыртып, ауру белгілерін нақтылап айту керек.

Менингит өршіп кеткен жағдайда науқастың туыстары эпидемиологиялық тексерістен өткізіледі. Эпидемияның барлық жағдайында мұндай зерттеулер инфекцияның өршіп кетуінен сақтайды.

Тұтынушылар назарына!

«QazaqGaz Aımaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы Қазақстан Республикасының Салық қоллексіне сәйкес 2026 жылғы 1 қантардан бастап қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесі 16%-ға дейін ұлғаюына байланысты тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағасы 2026 жылғы 1 қантардан бастап 1000 м3 үшін төмендегідей болатындығын хабарлайды:

- ҚҚС-сыз – 21 544,31 теңге.
- ҚҚС-мен – 24 991,40 теңге.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.